Инновациялық белсенділікті арттыру тиімді инновациялық экономиканы қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

Инновациялық әрекеттің тиімділігі өзара байланысты, бірін-бірі толықтыратын өндірістік-техникалық жүйелердің, ұйымдардың, фирмалар мен сәйкес ұйымдастыру-басқару жүйелерінің жиынтығы болып табылатын инновациялық инфрақұрылыммен анықталады.

Бәсекеге қабілетті елдердің қатарына

кіру үшін әрбір мемлекет өзінің ұлттық инновациялық жүйесі мен инновациялық инфрақұрылымын дамытуға баса назар аударады. Сондықтан да бәсекеге қабілетті экономикасын қалыптастырып, дамыту үшін Қазақстан үшін бүгінде өзінің мүмкіндіктері мен стратегиялық мақсаттарына сай ұлттық инновациялық жүйесі мен инфрақұрылымын дамыту өзекті мәселе болып отыр. Инновациялық инфрақұрылым инновациялық экономиканың негізгі нұсқаулығы және механизмі болып табылады. Аталған фактор елдің экономикасын өте жоғары деңгейге көтере алады.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде интеллектуалдық ресурстар, ақпарат және білім бәсекелік күресте басты құндылық және шешуші фактор болып саналады. Интеллектуалдық ресурстарды жинақтау, дамыту және басқару тұтас елден бастап кішігірім кәсіпорынға дейін кез келген масштабтағы экономикалық агенттер үшін маңызды міндетке айналып отыр. Қазіргі заманғы экономикалық теорияға сәйкес, жаңа экономика материалдық ресурстар қозғалысына емес, идеялар, білім, ақпарат алмасуға және оларды пайдалануға негізделеді, ал адам капиталы қоғамның құнды ресурстарының біріне айналып отыр. Бүгінде білім және үздіксіз оқу сәттіліктің міндетті компоненті болып есептеледі.

Әлеуметтік-экономикалық жүйенің дамуының қазіргі сатысы постиндустриалды, ақпараттық қоғамға немесе білімге негізделген экономикаға өтумен сипатталады.

Білім экономикасының басты ерекшелігі білімнің шешуші ролімен, экономикалық өсудің көзіне айналуымен байланысты. Білімге бағытталған жаңа экономикада материалдық игіліктер өндірісі білім «өндірісімен» біртіндеп ығыстырылуда.

Елдегі тұрмыс деңгейі мен экономикалық өркендеудің басты көрсеткіші ретінде өнімділіктің тұрақты өсуіне қолда бар ресурстарды анағұрлым тиімді әдістермен пайдалану арқылы қол жеткізу үшін интел-

лектуалдық капиталға салынатын инвестицияларды сандық және сапалық тұрғыда жетілдіріп отыру қажет [2].

Қазіргі заманғы нарықтық қатынастардың қарқынды дамуы, экономикалық өсудің позитивті тенденцияларының қалыптасуы, халықтың тұрмыс сапасының, әл-ауқатының артуы ғылым мен білім жетістіктерін жан-жақты қолданумен байланысты. Экономикадағы білім ролінің артуы бірнеше себептермен түсіндіріледі:

– ғылым мен техниканың дамуымен, ғылыми сыйымдылығы жоғары өнімдердің пайда болуымен, жаңа өндірістік технологиялардың жасалуымен, еңбек өнімділігінің және мәдениетінің артуымен;

– ақпараттық прогресспен, ақпараттың халықтың ауқымды тобына қол жетімді болуымен, қолайлы және аса қымбат емес есептеуіш техникалар негізінде ақпараттық технологияларды жергілікті пайдалану аясының кеңеюімен;

– адамдардың жалпы білім деңгейінің, сәйкесінше интеллектуалдық әлеуетінің көтерілуімен;

– арзан табиғи, ең алдымен энергетикалық ресурстар қорының азаюымен;

– жаһандану үдерісінің артуымен және әлемнің әр түрлі аймақтарында адамдардың саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік үдерістерге күннен күнге көбірек қатысып араласуымен.

Білім экономикасы – бұл білімге және инновацияларға, сонымен бірге жаңа идеяларды, жаңа машиналарды, жаңа жүйелер мен технологияларды қабылдауға, оларды іс жүзінде адам қызметінің барлық салаларында ендіруге әзірлікке негізделген экономика. Білім экономикасының қозғаушы күші ғылыми зерттеулер мен зерттемелер болып табылады. Білім экономикасы өсудің жаңа көздері арқылы еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз етеді, өсудің жаңа факторларын және ұлттық экономиканың барлық секторларында бәсекеге қабілетті артықшылықтарды іс жүзіне асыру үшін негіз құрайды [3].

Ғылыми зерттеулер материалдық құндылықтармен тікелей байланысты емес интеллектуалдық капитал құнының тұрақты артып отырғанын көрсетеді. Жекелеген қызметкердің біліктілігі, ұжымның алдына қойған күрделі инженерлік, ғылыми және т.б. мәселелерді шеше алуы сияқты материалдық емес активтердің ролі өсті.

Компьютерді пайдалану арқылы өнеркәсіптің барлық салаларында жаңа өнімді жобалау және конструкциялау процесін еселеп жылдамдатуға қол жеткізген автоматты жобалау мысалымен өндірістің интеллектуалдық мәселелер жағына ығысуын көрсетуге болады. Үнемі өзгеріп отыратын өндіріс жағдайында басты мәселе жаңа тетікті өндіру емес, оны дайындау уақыты болып табылады.

Қоғам құрылымында болып жатқан өзгерістер ең алдымен білімнің қоғамдық өндірістің негізгі факторына айналуымен, өндірілетін және тұтынылатын өнімнің құнының құрылымындағы өзгерістермен байланысты. Қазіргі өндірістің негізгі сипаты – әрбір өнім мен қызмет өндірісінде білімнің қолданылуы, яғни материалдық емес өндірістің материалдық ресурстарға ықпалының басым болуы.

Білімнің ерекше экономикалық ресурс ретіндегі негізгі қасиеттеріне мыналарды жатқызуға болады:

– білім жалпыға ортақ игілік болып табылады;

– білімді тек пайдалануға болады, ол жұмсалып, шығындалмайды;

– білімді қанша қолданғанымен, ол пайдалылығын жоғалтпайды;

– білім қоры азаймайды, сондықтан жетпей қалады деп қауіптенудің қажеті жоқ;

– білімде тауарлық тапшылық мәселесі жоқ, себебі сатушы білімін сата отырып одан айрылмайды, оның иесі болып қала береді және көп рет сата алады (материалдық заттардан айырмашылығы);

– білім алудың «өзіндік құны» оның «тиражына» және қолданушылардың санына байланысты емес;

– білім кеңістік тұрғысынан шектелмеген;

– білімнің кейбір түрлері уақытқа сезімтал, яғни моральдық және физикалық тозуға ұшырайды (материалдық игіліктермен ұқсастығы);

– экономикалық категория ретінде білім оны қолданудың нақты қолдану контексінде ғана құндылыққа ие болады;

– білім алу үдерісінің баяулауы, тоқтатылуы жинақталған білім қорының құнсыздануына әкеліп соқтырады;

– білім неғұрлым көп болса, соғұрлым қымбат әрі сапалы (материалдық заттар әлемінде керісінше: неғұрлым аз болса, соғұрлым қымбат әрі сапалы);

– білім көлемі үздіксіз артып отырады;

– білімді беру барысында оны иемденушілердің саны артады;

– кез келген экономикалық қызмет білімді тұтынған көлемінен артық береді;

– жаңа білімнің ұдайы өндірісінің нәтижесін алдын ала білу мүмкін емес, себебі зерттеулер нәтижесі оны алуға жұмсалған қаражатқа үнемі байланысты бола бермейді;

– білімді тұтынушыға жеткізу уақыттық тұрғыда лезде жасалуы мүмкін.

Осылайша, жаңа экономикалық ресурс ретінде білім мен ақпараттың негізгі сипаттық ерекшеліктері болып жаһандық, шексіздік, материалдық емес табиғаты, өзгермелілік, әмбебаптық, қоланылу тәсілдерінің әр түрлілігі табылады.

Қазіргі заманғы экономикада ақпарат пен білім ролінің күннен күнге артуына байланысты интеллектуалдық капитал мен адамдардың жаңалықтарды енгізуге және инновацияларға бейімделе алу қабілеті негізгі ресурсқа айналып отыр.

Ұйымның интеллектуалдық капиталы – бұл кәсіпорынның өзара әрекеттесу барысында трансформациялануға қабілетті және капитализацияны арттыруды қамтамасыз ететін адам капиталы, ұйымдастыру капиталы мен тұтыну капиталдарының жиынтығы [4].

Адам капиталы ұйымның немесе жеке-леген индивидтің табыс табу үшін пайдаланатын білімі, шығармашылық және интеллектуалдық әлеуеті, жеке қасиеттері, моральдық құндылықтары, біліктілік пен еңбек машықтары, көшбасшылық қасиеттері, еңбек мәдениеті ретінде қарастырылады. Бұл әрбір жекелеген қызметкердің білімі мен жеке қасиеттерінің жай жиынтығы ғана емес. Себебі ұжымдық жұмыста жекелеген шешімдердің тиімділігін еселеп арттыратын синергиялық әсер орын алады. Адам капиталы ұйым меншігі бола алмайды, себебі ол қызметкерлердің ажырамас тұлғалық бөлігі болып табылады. Ұйым тек өзіне жұмыс істейтін қызметкердің жұмысынан максималды мүмкін пайданы алып қалуға тырыса алады. Ол үшін басқарудың тиімді көшбасшылық, қызметкерлерді ынталандыру, өзгерістерді басқару сияқты жақтарын тиімді қолдана алу маңызды.

Ұйымдастыру капиталы технологиялар, басқару жүйесі, мәдениет, техникалық және бағдарламалық жабдықтау, патенттер, ұйымдастыру формалары мен құрылымдардан тұрады. Басқаша айтқанда, бұл ұйымның нарық талаптарына жауап бере білу қабілеті және өзінің адам капиталын қолдану тәсілдері деуге болады. Ұйымдастыру капиталы ұйымның меншігінде бола отырып, сатып алу-сату объекті ретінде әрекет етуі мүмкін. Сәтті әрекет етуі үшін ұйым өзінің ұйымдастыру капиталын үнемі қайта қарап, жетілдіріп отыруы керек, яғни ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізіп, корпоративтік мәдениетті тұрақты дамытып отыруы тиіс. Корпоративтік мәдениет – барлық қызметкерлерге белгілі, таныс ортақ құндылықтар, миссия, іс-әрекет нормалары, коммуникациялар, символдар, іс жүргізу әдістері және т.б. ұғымдардың жиынтығы. Осы аталғандардың барлығы ұйымның алға қойған мақсаттарына сай ілгері жылжуын қамтамасыз ете отырып, ұйымның өзіне тән келбетін қалыптастырады.

Тұтыну капиталы клиенттермен және

тұтынушылармен қалыптасқан тұрақты байланыстар мен қарым-қатынастар жүйесі ретінде келісімшарттарды, бренд, репутация, тауар белгісі, өнімді үйлестіру каналдары мен тапсырыстар портфелін, клиенттермен өзара орнатылған қарым-қатынастарды қамтиды. Ұйымның этикалық нормалар мен іс-әрекеттер нормаларынан, әлеуметтік жауапкершілігінен құралатын іскерлік репутациясы нарықтық категория болып табылады. Егер ұйым тұтынушылардың сеніміне ие болса, онда ол өз өнімін жоғарырақ бағамен сата алады, сату көлемін арттыра алады, қызметкерлер мен клиенттердің оң көзқарасына ие болып, ең мықты мамандарды өздерінде жұмыс істеуге шақыра алады. Іскерлік белсенділіктің символы ретінде әдетте тауарлық белгі немесе бренд көрініс табады.

Интеллектуалдық капиталдың жоғарыда аталған түрлерге бөлінуі, әрине, шартты түрде. Себебі іс жүзінде олар жеке дара бола алмайды, керісінше, бірлесе әрекет ете отырып, синергиялық әсер береді. Демек инвестиция интеллектуалдық капиталдың барлық түріне салынуы тиіс. Ал оның сыңаржақты дамуы ұйымға айтарлықтай артықшылық бермейді,

Кез келген ұйымның сәтті қызметі үшін ақпараттық, қаржылық, технологиялық және басқа да ресурстармен қатар ұйымдық бірлікті үнемі арттырып отыру қажет. Бұл үдеріс ұйымдық мәдениетті басқарумен байланысты. Ал ұйым мәдениеті – бұл адамгершілік құндылықтар, нормалар, әдеттер, дәстүрлер, іс-әрекет пен ғұрып формалары, сондай-ақ ұйымның өзіне тән қарым-қатынас стилі.

Әр түрлі өзгерістерге бейімделе отырып, ұйымдық мәдениет те үнемі білімге бағытталып отыруы тиіс. Бұл ұйымдық мәдениеттің атқаратын қызметтерімен, атап айтар болсақ, оның білім беру немесе дамыту, интеграциялық және тұтынушыға бағытталу қызметтерімен байланысты. Мәдениет білім беру, тәрбиелеу әсерімен тығыз байланысты. Себебі ұйым да отбасы сияқты, бас-

шылар өз қызметкерлерінің білім алуын, оны арттырып отыруын қамтамасыз етуі тиіс. Интеграциялық қызметіне келер болсақ, ұйымдық мәдениет әрбір қызметкерге белгілі бір құндылықтар жүйесін үйрете отырып, олардың өздерін өзгелермен тең екенін сезінуіне жағдай жасайды. Бұл олардың ұйым мақсаттарын айқын түсініп, өзін біртұтас ұжымның бір бөлшегі ретінде сезінуіне және оның алдында өз жауапкершіліктерін айқын ұғынуына ықпал етеді. Тұтынушыға бағытталу қызметі білімнің бизнес мақсатында трансформациялануына, оның іс жүзінде қолданылуына ықпал етеді.

Сондай-ақ, ұйымдық мәдениетті барлық қызметкерлерді білімді жүйелі түрде жинақтау, ауқымды тарату және өзара алмасу үдерісіне қатысуға тартатын ұйымдық атмосфера туғызатын білім мәдениеті ретінде қарастыруға болады.

Білім мәдениеті – бұл ұйымның барлық қызметкерлері өз қызметтерінің бағыт-бағдары ретінде ұстанатын білімді басқару мақсаттары мен стратегияларына сәйкес келетін ұйымның басты қағидалары мен құндылықтарынан тұратын корпоративтік философия [5].

Қызметкерлердің өзара білім алмасуына бағытталған ұйымдық мәдениетті қалыптастыру қазіргі заманғы кәсіпорын үшін бәсекеге қабілеттіліктің маңызды факторы болып табылады. Қызметкерлердің өзара білім алмасуына бағытталған ұйымдық мәдениет – бұл ең алдымен қызметкерлер өздерінің тәжірибесімен бөлісе отырып өздері де көп нәрсе алатынын түсінетін, сондықтан да өзінің адами капиталымен ықыласпен бөлісуге тырысатын қарым-қатынас стилі. Қызметкерлердің өзара білім алмасуы үшін ұйым олардың көзқарастарымен сәйкес келетін құндылықтар жүйесін қалыптастыруы тиіс. Ол құндылықтар жүйесі келесі екі аспекттен тұруы қажет: ұйымның өз қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейі; ұйым мен қызметкерлер арасындағы сенімге негізделген қарым-қатынас сапасы.

Экономика және әлеуметтік-экономикалық саясат

Қызметкерлерді оқыту мен дамыту стратегиялық даму талаптары мен перспективасы есепке алына отырып, қызметкерлер біліктілігінің тиісті деңгейін қалыптастыру мен қолдау мақсатында жүзеге асырылады. Ал макродеңгейде инновациялық дамуды жүзеге асыруды көздейтін мемлекеттік саясат жүйелі, кешенді және тізбекті болуы тиіс, яғни қойылған мақсаттар елдің экономикалық, ресурстық мүмкіндіктеріне, инновациялық кешенінің даму деңгейіне сәйкес болуы тиіс. Елдің инновациялық кешені икемді, мобильді және жедел қызмет еткен жағдайда ғана инновациялық даму мәселелері сәтті шешілетін болады. Ол үшін мемлекет пен жеке ұйымдар бірлесе әрекет етуі қажет. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін тек нарықтық құралдар-

дың көмегіне ғана жүгінбей, сонымен қатар нарықтық қатынастарды тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін институционалдық механизмдерді қалыптастыру қажет. Мемлекеттік саясат экономикалық институттарды ынталандырып, саяси құрылымдардың тиімділігін арттырып, әлеуметтік ұйымдарға қолдау көрсетіп, ғылым мен мәдени қызметтің белсенділігін арттыруы керек. Инновациялық даму институттары ретінде инновациялық-технологиялық орталықтар, технопарктер, инновациялық қызметті үйлестіру органдары, ғылыми-техникалық ақпарат орталықтары, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру қорлары шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етіп, инновациялардың дамуын ынталандырып, технологиялық тұрғыда артта қалу құбылыстарын жоюы тиіс.

Әдебиеттер

1. Голубев А.А. Экономика и управление инновационной деятельностью: Учебн. пособие. – СПб: СПбГУ ИТМО, 2012. – 119 с.
2. Бикенова А.С., Мусабаева А.К., Экономическое содержание образовательных услуг и их особенности // Вестник КазУЭФМТ. – 2016. – №1.
3. Паникарова С.В., Власов М.В. Управление знаниями и интеллектуальным капиталом: Учебн. пособие. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2015. – 140 с.
4. Платонов В.В. Интеллектуальный капитал: оценка и управление: Учебн. пособие. – СПб.: Изд-во СПбГУЭФ, 2012. – 116 с.
5. Леонтьева Л.С., Орлова Л.Н. Управление интеллектуальным капиталом: Учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры. – М.: Изд-во Юрайт, 2016. – 295 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы перехода от индустриального к постиндустриальному обществу. Основной фактор инновационного развития – формирование экономики знаний.

Summary

In this article are considered urgent problems of transition from industrial to post-industrial society. The main factor of innovative development – formation of economy of knowledge.



ХАЛЫҚҚА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

Әлеуметтік көмек көрсетудің дамуына көптеген шетел тәжірибелерінің бірқатар ерекшеліктері, яғни әлеуметтік саясаттың стратегиялық мақсаттарындағы әлеуметтік көмектің ролі, мемлекет, азаматтық қоғам және кәсіпкерлік сектор арасындағы әлеуметтік қызметтердің қайта бөлінуі, қайта бөлінетін және мемлекеттік сектордағы ЖІӨ көлемімен анықталатын мемлекеттік сектор масштабы, әлеуметтік саясаттың ерекшеліктері ие. Аталған критерийлер әлеуметтік саясаттың мақсаттары мен құралдарындағы айырмашылықты білдіреді

Негізгі ұғымдар: әлеуметтік көмек, зейнетақы, бюджет, баға, еңбекақы, стратификация, дифференциация, мемлекет.

Қоғамның эволюциялық даму үрдісінде көптеген елдерде тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету өзгерістеріне бейімделген, солардың нәтижесінде тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетудің үш «классикалық» үлгісі қалыптасты, олардың әрқайсысы белгілі бір ерекшеліктермен сипатталады.

Әдіснамалық тұрғыдан әлеуметтік үлгілерді айқындау барысында келесі жағдайларды ескеру маңызды:

– *біріншіден*, нарықтық экономика жағдайында үкімет әлеуметтік кепілдерді кеңейту немесе өзін-өзі қамтамасыз етуді ынталандыру бойынша шараларын таңдауда, ағымдық, тез арада шешуді талап ететін мәселерді шешу мен стратегиялық келешектегі әлеуметтік әлеуеттілік арасындағы әлеуметті-экономикалық таңдау мәселесін қалай шешеді;

– *екіншіден*, әлеуметтік және экономикалық саясат арасында әлеуметтік шаралар экономиканың бейімделу мүмкіндіктеріне ықпал етпейтіндей өзара теңгерімділік қалай жүзеге асырылады;

– *үшіншіден*, әр азаматтың өндірісте жаңа қоғамның дамуына қатысу мүмкіндігі қалай қамтамасыз етіледі, оның осындай мүмкіндігі бар мүшелерінің максималды санына қалай қол жеткізуге болады, олардың бел-

сенді қызметінің ұзақтығы қалай арттырылады, еңбекке жарамды тұрғындарға қатысты олардың еңбек және іскерлік белсенділігі үшін тиімді жағдайлар қалай қалыптастырылады;

– *төртіншіден*, халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесі экономикадағы құрылымдық өзгерістер үдерісін жеңілдетілуіне қалай ықпал етеді, ал экономикалық өсу әлеуметтік кепілдіктің дамуының жағдайына қоса тұрғындардың басым бөлігінің әлеуетінің маңызды элементі болып табылады;

– *бесіншіден*, әлеуметтік әділеттілік қағидасы кепілдер жүйесі қалай қалыптасады және қызмет етеді, әлеуметтік кепілдер қалай бекітіледі және жүзеге асырылады, нарықтық экономикадағы әлеуметтік қамтамасыз ету, тұрғындардың өмір сүру қалпын демеу механизмдері қандай болады [1].

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің алғашқы моделі – Ұлыбритания, Австрия, Канада, Солтүстік Еуропа елдеріне тән *У. Беверидж моделі*. Бұл модель бюджет тарапынан қаржыландыратын мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандырудың қағидаларын кеңінен пайдалануды талап етеді.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің негізін келесі қағидалар қалайды: револю-

циялық, әлеуметтік прогресс, мемлекет пен жеке тұлғаның әріптестігі. Сонымен қатар мемлекет азаматтардың құлшынысын баспауы керек, әлеуметтік қамтамасыз ету тұрғындардың салымдары есебінен қаржыландырылады. Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің мемлекеттік жүйесінің көмегімен аурулар, қайыршылық сияқты құбылыстардың алдын алуға болады.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің екінші моделі – *жеке (ұжымдық) сақтандыру моделі*. Бұл модель кеңінен АҚШ-та тарады, қандай да бір нысанда Латын Америка елдерінде, Португалияда және т.б. қолданыс тапты. Оның мәні келесіде, жалпыұлттық әлеуметтік сақтандырудың ортақ жалпыұлттық жүйесі жоқ, ал дамыған жеке сақтандыру жүйесі коммерциялық қызмет саласы болып табылады.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің үшінші моделі – *О. Бисмарк моделі*. Осы модель негізінде тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру еңбекшілерді табыс (еңбекақы) деңгейінің күрт төмендеуіне байланысты көмек көрсету жатады. Ол Швеция және Германияда анағұрлым дамыған [2].

Әлеуметтік жүйенің дамуының шетелдік тәжірибесіне әлеуметтік саясаттың ролі, мемлекет, азаматтық қоғам және кәсіпкерлік сектор арасындағы әлеуметтік қызметтердің қайта бөлінуі, қайта бөлінетін және мемлекеттік сектордағы ЖІӨ көлемімен анықталатын мемлекеттік сектор масштабы, әлеуметтік саясаттың ерекшеліктері тән [3].

Бюджет тарапынан қаржыландырылатын әлеуметтік шығындары басым мемлекеттер әлеуметтік сақтандыру қағидаларын белсенді пайдаланатын болды да, ақылы мемлекеттік әлеуметтік қызметтер енгізе бастады. Келтірілген шаралар қарастырылған типтер тұрақты кестелер еместігін көрсетті, ал уақыт факторын ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық өмірдің әр түрлі күйлерінде тұрақты қозғалыста және эволюциялық даму үстінде болады.

Әлеуметтік саясатты зерттеудің маңызды аспектісі әлеуметтік сала мен тұрғындардың табыс деңгейі арасындағы өзара байланысты зерттеу болып табылады [4].

Іс жүзінде табыс саясаты үш типтік жағдайды пайдалану жолымен жүзеге асырылады. Бірінші типтік жағдай әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өсімінің өзара баланстылығынан туындайды. Мысал ретінде Жапонияны атап өтуге болады. Жапонияда еңбекақы жүйесі икемділігімен ерекшеленеді. Жыл сайын елде кәсіпкерлер мен жұмыскерлер мүддесін қорғайтын кәсіподақтар арасында еңбекақыны арттыру бойынша келіссөздер сериясы өтеді. Қол жеткізілген жалпыұлттық келіссөз негізінде фирма қызметінің экономикалық көрсеткіштерін есепке ала отырып, фирмалар өз жұмыскерлерімен еңбекақыны арттыру бойынша келіссөздер жүргізеді. Өз фирмаларымен тұрақты байланыстары болғандықтан, жапондық жұмыскерлер фирмалары қиындықтар болғанда еңбекақыны төмендетуге оңай келіседі, себебі олар экономикалық жағдайлар жақсарғанда осы әрекетінің орнын толтыруға үміттенеді алады [5].

Инфляциямен күресуде үлкен жетістіктерге жеткен Германияда оның алдын алуының жүйесі өзгешелеу. Жылына бір рет кәсіподақтар мен кәсіпкерлер арасында еңбекақыны арттыру бойынша келіссөздер жүргізіледі. Осы келіссөздерге экономикалық саясатқа қатысты алдыңғы кезеңдегі ұсыныстарымен үкімет те қатысады.

Осы деректерге ұжымдық келісімдерді құру кезінде кәсіподақтар да сүйенеді, олар ең бастысы жұмыссыздық деңгейімен еңбек өнімділігінің артуы мен еңбекақыны арттыру бойынша талаптарды басқа әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өзгерісімен сәйкестендіреді. Бірақ осындай жан-жақты ойластырылған саясат тұрақты экономикалық жағдайда мүмкін, сонымен оның тиімділігі де анықталады [6].

Еңбекақының және бағаның өсімін реттеумен байланысты екінші типтік жағдай

экономикадағы дағдарысты кезеңдерде, яғни «жорғалаушы» инфляциядан «шоқырақтанушы» инфляцияға көшуі жағдайында орын алады.

Еңбекақының өсімін және бағаны бақылау тиімділігі қоғамдық көңіл күйден, адамдардың белгілі бір залалдарға бару дайындығына тәуелді. Мысал ретінде АҚШ еңбекақының өсімін бақылауды келтіруге болады. Бұндай бақылау осы елде Екінші дүниежүзілік соғыс, Кореядағы соғыс кезінде және экономикадағы дағдарыстар жылдарында қолданылды. Оның тиімділігі әртүрлі болды. Егер Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары табыстарды реттеу саясаты бағалардың өсімін тежеген болса, келесі кезеңдерде табыстарды реттеу саясаты ондай жетістіктерге жетпеді.

Ел үкіметінің табыстарды реттеудегі тағы бір тәжірибесін Ұлыбритания көрсетті. 1965-1969 жж. билікке келген лейбористік үкімет кәсіпорындардың еңбекақыны арттыру және өнімінің бағасын өсіруге қатысты үкіметтің ұсыныстарын жүзеге асыруын бағылау мақсатымен баға және табыстар бойынша Ұлттық Комитетті құрды.

Германияда 1994 ж. металл өңдеуші өнеркәсіптегі ұжымдық келісіммен еңбекақыны және оның өсімін 2% көлемінде ұстап тұру көзделген. Жылына орташа еңбекақының өсімінің қарқыны ұжымдық келісіммен 1,7% құрады, демек баға өсіміне қатысты теңестірілді.

Мексика – гиперинфляция орын алған Латын Америкалық жалғыз ел емес. Соңғы он жылдықта жоғары деңгейдегі инфляция Бразилияға да тән болды. Айналымдағы ақша массасының артуы және ұлттық қаржының дисбалансы ел экономикасы үшін түйінді мәселеге айналды. Осы жағымсыз үдерістердің себебін бразилиялық экономистер ұлттық шаруашылықтың әр түрлі секторларының баланста болмауынан, мемлекеттік сектордағы шығынды кәсіпорындарының үлесінің көптігінен көреді. Нәтижесінде ақшалай белгілердің және мемлекеттік құнды қағаздардың эмиссиясы есебінен мемлекет-

тік бюджеттің дефициті артты. Инфляцияға қарсы шаралар ретінде қаржы-экономикалық және әлеуметтік салаға мемлекеттің араласуы пайдаланылды, яғни «шоктық терапия», бағамен еңбекақыны «мұздандыру», мемлекеттік қызметкерлерді жұмыстан шығару, мемлекеттік кәсіпорындарға дотацияны азайту қолданылды.

Көптеген партиялар мен кәсіподақтардың қысымынан үкімет мемлекеттік бағдарламаның қандай да бір жақтарына түзету енгізуге мәжбүр болды, нәтижесінде олардың бастапқыдағы мағынасы өзгереді де, болашақта сәтсіздіктерге әкелетін болды.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсету – мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бағыты, ол табысты қайта бөлу арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар еңбектік миграция көбіне тұрғындардың ақшалай табыстарындағы еңбекақымен әлеуметтік трансферттердің үлесінің қарым-қатынасынан тәуелді.

Табыстың жалпы сомасының қалыптасуына еңбекақының артуынан көбіне кәсіпқойлық бастама дамиды, ал әлеуметтік трансферттердің үлесінің артуынан біреудің есебінен күн көру психологиясы күшейеді.

Ерекше атап өтетін жағдай, жалпы табыс деңгейінің дифференциациясы экономиканың әр түрлі салалары мен қызмет аяларында еңбекке ақы төлеу деңгейінің ерекшеленуіне әкеледі. Еңбекақы төлеу деңгейлеріндегі салалық және мамандықаралық дифференциациясы жағдайында мамандықтардың қоғамдық пайдалылығы көрініс алады, ол жұмысбастылық, дайындық және кадрларды қайта дайындауда бейім бола алады.

Халықтың өмір сапасы мен деңгейін анықтау әдіснамасы мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың маңызды талдау құралы болып табылады, ол келесідей мүмкіндіктер береді:

– мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының келешекке бейімдерін белгілеуге;

– елдің әлеуметтік-экономикалық да-

муының ағымдық деңгейін талдауды жүзеге асыруға;

- кедейшілік деңгейін бағалауға;
- өмір сапасын мен деңгейінің аймақаралық салыстыруларын жүргізуге.

Халықты әлеуметтік-экономикалық көмек көрсету саясатының бір бөлігі тұрғындардың кедей бөлігін мемлекеттік демеу болып табылады.

Көп елдерде бұл жүйе мекен-жайлы ақшалай және натуралды жәрдемақылар негізінде құрылады, олар нарықтық дамудың жағымсыз салдарының амортизациясы ретінде қолданылады.

Мемлекеттің қолдауы қажет тұрғындар категориясын мекен-жайлы анықтау үшін кедейшілік деңгейін анықтайтын шекті көрсеткіштер пайдаланылады. Кедейшіліктің өзі өмір сүру минимумымен анықталады. Көптеген елдерде тұрғындардың кедей бөлігін қолдау мен ұйымдастыру, сондай-ақ көмекке мұқтаж тұлғаларды тексеру процедуралары қатар жүреді. Тексеру критерилері ретінде табыс деңгейі, жеке мүлік қоры, денсаулық жағдайы, жанұялық жағдайы, т.б. туындайды.

АҚШ-та (басқа да дамыған елдер қатарында) 1964 ж. Әлеуметтік қамтамасыз ету Басқармасымен өңделген әдіс пайдаланылады, осы әдіске сәйкес елдегі кедейшіліктің орташа жалпы деңгейі 15 жастан жоғары тұрғындар санындағы кедейлер санының үлесімен анықталады. Соған қоса кедейшілік шекарасы деп жанұялық бюджеттің 1/3 тамақтануға кететін жағдай алынады.

Еуропалық статистикалық комиссия (Еуростатком) ЕО елдерінде ел тұрғындарының медианды табысының жартысына тең көлемді алады (тұрғындардың бөлінген санын екі тең бөлікке бөлетін табыс).

Германияда осы уақытқа дейін кедейшіліктің ресми белгіленген шекарасы жоқ, ал 1991 ж. кедейшілік деңгейі тұтынушылық қоржын көмегімен анықталды.

Кедейшіліктің құнды шекараларын анықтауда халықаралық институттар 90-шы жылдардың ортасына дейін екі көрсеткіш

пайдаланды – жылына жан басына шаққандағы табыс 275 долл. және 370 долл. (1985 ж. сатып алушылық қабілет бойынша). Кедейшілікті анықтауда ең төмен көрсеткіш Үндістанда пайдаланылды. Кедейшіліктің жоғары көрсеткіші бойынша дамыған елдердегі кедейлердің жалпы саны анықталды.

90-шы жылдардың ортасында ХДБ абсолютті кедейшілік көрсеткішіне көшті, ол күніне 1 доллар табыс немесе тұтынуға тең болды. Бұл көлем сатып алушылық қабілеттің паритеті негізінде есептелінді, ол елдер бойынша бағалар ерекшелігін ескереді. Негізге 1985 ж. құн мен баға деңгейі алынды. Бұл көрсеткіш одан төмен болғанда, адам өміріне қауіп төнетін минималды тұтыну көлемінен туындайды. Күн көріс деңгейінде белгіленген көрсеткіш батыс елдеріндегі кедейлерді қамтымайды, онда тұтыну деңгейі жоғары.

Тұрғындардың өмір сүру сапасы мен деңгейін терең сипаттау үшін табыстар дифференциациясының коэффициенттері есептелінеді, олар жоғары табысты топтардың табысының тұрғындардың төмен табысты топтарымен салыстырғанда артуының көлемін белгілейді.

Халықаралық тәжірибеде дифференциацияның келесі коэффициенттері есептелінеді:

- қорлар коэффициенті – тұрғындардың салыстырылатын топтары арасындағы табыстың орташа мәндері немесе олардың табыстағы үлестері арасындағы қатынасы;
- дифференциацияның децильді коэффициенті 10% табысты тұрғындардың және 10% аз табысты тұрғындар табыстары деңгейіндегі айырмашылықты көрсетеді;
- дифференциацияның кварталды (квинтелді) коэффициенті 20% табысты тұрғындардың және 20% аз табысты тұрғындар табыстары деңгейіндегі айырмашылықты көрсетеді;
- стратификация коэффициенті – кедейлер санының табысты тұрғындар санына қатынасы. Кедейлерге табысы мини-

малды өмір сүру деңгейінен (ӨСД) төмен жанұялар жатады, табыстыларға тұтыну-дың дамушы сипатын қамтамасыз ететін табысы ӨСД жоғары табысты жанұялар жатады. Бірден жоғары көрсеткіш табыстыларға қарағанда кедейлердің басымдылығын көрсетеді және керісінше.

Дифференциация көрсеткіштері белгілі Парето-Лоренц-Джини әдіснамасының бағалау жүйесіне жататын Лоренц және Джинидің концентрация коэффициенттерін қамтиды. Джини коэффициенті Лоренц коэффициенті сияқты 0-ден 1-ге дейін интервалда өлшенеді [7].

Солардың көмегімен әлеуметтік дифференциацияның шартты төрт негізгі моделін көрсетуге болады: жоғары полярлы, қалыпты-полярлы, қалыпты және эгалитарлы (нарықтық емес).

Біріншісі әлеуметтік тұрғыдан алғанда тұрақсыздығымен және жұқалығымен ерекшеленеді, ол көпшіліктің қамтылмай қалуына және әлеуметтік наразылықпен ерекшеленеді, ал экономикалық тұрғыда тиімділіктің төмендеуіне, өнімді қызметтің және жұмыскерлермен жұмыс берушілердің мүдделерін бөлуге ынталандырылмауында. Ол әлсіз дамыған елдердің басым бөлігіне тән. Шекті децилді топтар арасындағы табыстың дифференциацияның деңгейі 20-30:1 кем емес.

Қалыпты модель Батыс пен Жапонияның өнеркәсіпті дамыған елдерінде үстемдік етеді. Оған консолидарлық әлеуметтік дифференциация тән, сонымен қатар алдыңғы модельге қарағанда әлеуметтік иерархия шкаласы жұмсақ.

Қазіргі таңда мемлекеттік қамтамасыз ету бойынша шығындарды қаржыландырудың екі жүйесі пайдаланылады. Біріншісі – зейнетақы төлеу бойынша ағымдық шығындарды зейнеткерлік сақтандыру бойынша ағымдық төлемдер есебінен толтыру. Іс жүзінде ол жұмыс істеуші тұрғындар бөлігі алдындағы ұрпақтың зейнетақысын қамтамасыз ететіндігін білдіреді. ЕХҰ 58 мү-

шесінің 44 елінде қаржыландырудың осы жүйесін пайдаланады. Оны жүзеге асыру кезіндегі мәнді мәселе демографиялық жағдайдың қатты әсер етуі болып табылады: дамыған елдердегі тұрғындардың қартаюы бір жұмыс істеушіге келетін зейнеткерлер санын арттырады.

Осы модель пайдаланылатын елдерде зейнетақы қорларының қаражатын қалыптастыру бойынша негізгі салмақ жұмыс берушілерге артылады. Австрияда жұмыскерлердің өздерімен жүзеге асырылатын салымдар үлесі зейнеткерлік сақтандыру бойынша төлемдер сомасының 14% құрайды, Францияда – 13, ал Ұлы Британияда – 23% [8].

Зейнетақы шығындарын қаржыландырудың екінші нысаны – арнайы қор құру, ол қажет қаражатты инвестициялауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар қазіргі кезеңде және келешекте зейнетақылық төлемдерді қаржыландырады. Осы кесте үнемі мемлекеттік емес зейнетақы қорларында пайдаланылады және көбіне мемлекеттік зейнетақы жүйелерінде. Ол белсенді түрде АҚШ-та, Канада, Швеция және Швейцарияда пайдаланылады.

Канадада Қорға (Канадалық зейнетақы жоспары) түсетін түсімдер зейнетақы төлемдерінің сомасын екі есе артады. Сонымен қатар Қор қаражатын алдыңғы жылдарға инвестициялау Қор табысының 40% қалыптастырады. Швейцарияда инвестициядан табыстар зейнетақы қорларына ағымдық түсімдердің 25% қалыптастырады, ал жалпы зейнетақы төлемдері Қордың ағымдық табысының 58% құрайды [9].

Шетелдік халыққа әлеуметтік көмек көрсету үлгілерінің қалыптасу тәжірибесіне жасалған талдау олардың мәні мен мазмұнындағы айырмашылықтың барын көрсетті, мұның себебі – әр елге тән әлеуметтік-экономикалық дамуының өзіндік ерекшелігі болады. Сондықтан Қазақстан Республикасы басқа үлгілерден ерекше (тек тарихи ғана емес, әлеуметтік-экономикалық даму-дың ерекшелігімен байланысты) өзінің жеке

интегралды үлгісін жасап шығару үшін халыққа әлеуметтік көмек көрсету үлгілерінің негізін қалаушы аспектілерін барынша мұқият зерттеді.

Біздің ойымызша, бұл мәселеде неғұрлым терең әрі күрделі деп Кенжегузиннің еңбегін атауға болады, онда автор Қазақстандағы халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің үлгісін мұқият зерттеді. Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің белсенді нысандарын дамыту қажеттілігі қалыптасып келе жатқан экономикалық жүйе әр тұлғаның өз орнын табуы үшін қажетті шынайы алғы-

шарттарды құрмағанымен, ал тұлғаның да, жеке әлеуметтік топтардың да бейімделу деңгейі олардың жаңа жағдайдағы өз кәсіби біліктілік әлеуетін пайдалануының әлеуеттік мүмкіншіліктерімен анықталатындығымен байланысты болады [10].

Мұндай үлгі келесідей негізгі блоктардан құралады: әлеуметтік көмек көрсетудің деңгейлері, тұрғындардың тіршілік етуін қамтамасыз ету салалары, азаматтардың категориялары, әлеуметтік көмек көрсетудің ұлттық жүйесінің әлеуметтік-экономикалық негіздері.

Әдебиеттер

1. Радаев В.В., Шкаратан О.И. Социальная стратификация: Учебн. пособие. – М.: Аспект Пресс, 1996. – С. 318.
2. Модель Бисмарка. Модель социальной защиты (страхования) Бисмарка: Учебник. – М.: Изд-во Проспект, 2004. – С. 47-58.
3. Гейтц И.В. Гарантии, социальная защита и поддержка населения в Российской Федерации. – М.: Дело и сервис, 2005. – 640 с.
4. Вахрушева К.В. Политика нейтралитета и членство Швеции в Европейском союзе. Северная Европа. Проблемы истории. – М.: Наука, 2003. – Вып. 4. – С. 141-150.
5. Потемкина О.Ю. Европейское пространство свободы, безопасности и правопорядка: границы, содержание, механизмы. – М., 2002. – С. 10-14; 44-45.
6. Зарицкий Б.Е. Экономика Германии: путь по лестнице, ведущей вниз. – М.: Логос, 2003. – С. 74-82.
7. Шатунова Н.Н., Рудакова О.В. Источники и дифференциация доходов населения в концепции экономической безопасности государства // Российское предпринимательство. – 2008. – №2. – С. 67-68.
8. Хижный Э. Государственная система социальной защиты граждан Западной Европы. – М., 2006.
9. Национальные экономические интересы и отношения собственности в условиях глобализации / Под ред. М.Б. Кенжегузина. – Алматы: ИЭ МОН РК, 2005. – 336 с.

Резюме

В статье рассмотрен зарубежный опыт с целью совершенствования форм активного оказания социальной помощи, проведен анализ моделей оказания социальной помощи, рассмотрены социальные возможности их использования в развитии профессионального потенциала.

Summary

In article foreign experience on purpose to improvement of forms of active rendering the social help is considered, the analysis of models of rendering the social help is carried out, the social possibilities of their use in development of professional potential are considered.



ЕҢБЕКАҚЫНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТЕТІГІ ӘЛЕУМЕТТІК-СЕРІКТЕСТІК КЕЛІСІМДЕРІН ДАМУ

Экономикада еңбекақы төлемінің динамикасы мен деңгейі негізінде жұмыс күшінің бағасы анықталады, ол еңбек нарығындағы ұсыныс пен сұраныс қатынасында белгіленеді, сонымен қатар кәсіподақ пен жұмыс берушінің арасындағы қатынаспен, мемлекеттік саясаттың еңбекақы төлемі саласына бағытталуымен сипатталады. Алайда, әзірше нарықтық инфрақұрылым жасалған жоқ, ал кәсіпорындардың еңбекақы төлемін белгілеуіндегі бостандық оның жұмыс күші бағасының ғана емес, тұтынушылық сұранысының төмендеуіне әкеліп соқты, жоспарлы экономикада жүзеге асқан салалық, аумақтық, кәсіпорындық қатынастарды бұзды, енді бұл шегерілмей, еңбекақы төлемін реттеу механизмінде мемлекеттің ролі басым болуы керек.

Негізгі ұғымдар: еңбекақы дифференциациясы, еңбек сұранысының иілгіштігі.

Тиімділікті анықтау үшін әлеуметтік-серіктестік келісімдерін дамыту – еңбекақыны ұйымдастыру тетігі ретінде екі кешенді көрсеткішті қолдану ұсынылады: қаладағы жұмыспен қамту саясатының әлеуметтік тиімділігі және экономикалық тиімділігі.

Жұмыспен қамту саясатының әлеуметтік тиімділігі – қаладағы жұмыссыздар деңгейінің өсу мүмкіндігін сипаттайтын салыстырмалы шама. Аймақтағы жұмыспен қамту органдары жұмыссыздарды есептен шығармаған жағдайда (олардың жұмыс нәтижесі болып табылады), олардың бәрі тіркелген жұмыссыздар қатарында қалатын еді, ал қаладағы жұмыспен қамту саясатының әлеуметтік тиімділігі нольге тең болатын еді. Осы көрсеткіш мәнінің көбеюі жұмыспен қамтудың әлеуметтік саясатының артуының дәлелі болмақ.

Әлеуметтік-серіктестік келісімдерін дамыту – еңбекақыны ұйымдастыру тетігі проблемасын шешуде реттеудің бағдарламалық-нысаналы әдістерін пайдалану тиімділігін бағалау үшін бағдарламалық іс-шараларды қаржыландыруға талдау жасау қажет. Әлеуметтік-серіктестік келісімдерін дамыту – еңбекақыны ұйымдастыру тетігін жетілдіру үшін мониторинг принциптері,

мониторинг субъектілері мен объектілерінің тізімін, мониторинг жүргізу және мониторингтің интегралдық көрсеткішін белгілеу тәртібін жасау орынды. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламалары мен жұмыспен қамтуға ықпал ету бағдарламаларында жоспарланған іс-шараларға әсер етуді талдауда қолданылатын әдістемені өткізілетін іс-шаралардың тиімділік және нәтижелілік көрсеткіштерінің жоспарланғаннан 90% төмен мәнін (жұмыспен қамту қызметінің және мамандардың сауалнамасының мониторингіндегі мәліметтерге сәйкес) ескере отырып толықтырған орынды. Бұл тиімділіктің төмен көрсеткіштерін қамтамасыз ететін іс-шараларды іске асыруға арналған шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Нәтижелілік көрсеткіштері жаңа бағдарламалық құжаттарды дайындауда, бағдарламалық іс-шараларды енгізу салдарын болжамды бағалауды анықтауда қолданылуы мүмкін және бағдарламалық іс-шаралар нәтижесінде жергілікті өзін-өзі басқару және орындаушылық билікке; шаруашылық ету субъектілеріне; заңды және жеке тұлғаларға (тұтынушылар немесе азаматтар тобына) қатысты теріс және жағымды сипатта болуы

мүмкін күтілетін әсерді белгілеуі қажет. Іс-шараларды дайындауда белгіленген мерзімге сәйкес жекелеген мәселелерді шешуге қатысты нақты міндеттерді іске асырудан күтілетін нәтиже, сондай-ақ оларды орындау тәртібі, мерзімдері және орындаушылары топшыланады.

Бірінші кезеңде мониторингті жүзеге асыруда төмендегі процестерді бөліп көрсетуге болады:

– бағдарламалық іс-шараларды енгізу салдарын сипаттайтын сапалық және сандық көрсеткіштерге қатысты ақпаратты дайындау;

– бағдарламалық іс-шараларды енгізу тиімділігін бағалауға арналған критерилерді белгілеу;

– бағдарламалық іс-шараларды іске асыру салдарын бағалауға заңды және жеке тұлғаларды, қоғамдық ұйымдарды тарту;

– әлеуметтік және статистикалық зерттеулердің ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;

– жұмыспен қамтуға ықпал ету саласындағы бағдарламалық іс-шаралар тиімділігіне мониторингті жүзеге асыру;

– бағдарламалық іс-шараларды іске асыру салдарын бағалау үшін ақпарат жинау және қалыптастыру.

Екінші кезеңде келесі талдау жүзеге асырылады:

– бағдарламалық іс-шаралар әсерінің әлеуметтік және экономикалық тиімділігін белгілеуге мүмкіндік беретін критерилерге;

– сарапшылар ұсынған және жүргізілген сауалнамалардың қорытындыларына;

– бағдарламалық іс-шараларды енгізуде байқалатын шынайы пайда мен шығындарға.

Мониторингтің үшінші кезеңі төмендегі процестерден тұрады:

– бағдарламалық іс-шаралардың нәтижелілігін бағалау;

– бағдарламалық іс-шаралардың тиімділігін бағалау туралы есеп мәліметтерін қалыптастыру;

– нақты белгіленген бағдарламалық іс-шараларға қатысты нәтижелілікті бағалау нәтижелерін жариялау және олардың одан әрі орындалуына қатысты ұсыныстар жасау.

Бағдарламалық іс-шаралардың ықпалының салдарын анықтауда алынатын пайдалар мен шығындар көрсеткіштерінің белгілі бір топтары экономикалық және әлеуметтік тиімділік ретінде қолданылады. Мәселен, әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін жақсарту; салық салу базасын ұлғайту; жұмыс орындарының санын көбейту; өнеркәсіптегі бақытсыз жағдайлар және апаттар санын азайту; халық денсаулығын жақсарту; кіріс көлемін көбейту және т.б.

Бағдарламалық іс-шараларды енгізу салдарына бағалау жүргізуде бағалаудың шынайы сапалық және сандық көрсеткіштері қолданылады, оларды өлшеу белгілі бір кезеңдерде жүзеге асырылады, себебі енгізудің экономикалық және әлеуметтік салдарын растау үшін. Бағдарламалық іс-шараларды енгізу салдарына бағалау жұмысында бағалау жүргізу кезінде қолданылатын ақпараттың сенімді болуы және оны өткізу жиілігі маңызды.

Бағдарламалық іс-шараларды енгізудегі шығындар мен пайдалар өсімінің мәнін қорытындылауда экономикалық тиімділік пен нәтижелілік анықталады.

Бағдарламалық іс-шаралар ықпалының нәтижелілігін және тиімділігін бағалануды оны енгізуде көзделген мақсатқа жету деңгейі туралы мәселеге, оны енгізудің теріс немесе оң салдарының болуы туралы жауап беруі қажет.

Реттеу мақсаттарына жету деңгейлерін негіздеу элементтері төмендегілер:

– бағдарламалық іс-шараларды орындауда ынталандыруды негіздеу; талаптарды орындау мүмкіндігі; талаптарды орындамаған жағдайдағы санкциялар түрлері;

– бағдарламалық іс-шараларды іске асыру тетіктерінің тиімділігін анықтау;

– бағдарламалық іс-шараларды іске асыру альтернативаларын бағалау, оның

ішінде пайдалар мен шығындар көлемін басқа да альтернативті реттеу шараларымен салыстыру;

– бағдарламалық іс-шаралар ықпалының экономикалық және әлеуметтік салдарын сипаттау (енгізу кезінде теріс әсер болса, олардың ықпалын бағалау қажет).

Соңғы жылдары Қазақстанда көпдеңгейлі әлеуметтік әріптестік жүйесі қалыптасты. Әлеуметтік әріптестік шеңберінде үшжақты комиссиялар жұмыс жүргізеді, 22 салалық және 16 өңірлік келісімдер жасалды. Республикалық, салалық және өнерлік комиссиялар отырыстарында әлеуметтік еңбек қатынастары тетіктерін күшейту, ұжымдық еңбек дауларын шешуге атсалысу және басқа мәселер қаралады.

Әлеуметтік әріптестік институтын бұдан әрі жетілдіру және дамыту керек екендігін атап өткен жөн. Ағымдағы жылдың аяғына дейін әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиясының отырысы өткізіледі, онда аталған өзекті мәселелер талқыланатын және тиісті шешімдер әзірленетін болады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі көрсетілген проблемаларды және оларды шешу үшін ұсынылған бағыттарды қарау бойынша заңнамалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешенін қабылдап жатыр [1].

Бас келісімде ағымдағы жылы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, еңбекақы төлеу, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік әріптестікті дамыту саласында мынадай шараларды қабылдау белгіленген:

– ең төмен мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды, оның ішінде ең төмен күнкөріс деңгейін айқындау әдістемесін жетілдіру туралы консультациялар жүргізу;

– тиісті салада ауыр жұмыстарда, зиянды (ерекше зиянды), қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер үшін ең төмен еңбекақы төлеу стандартын айқындау әдістемесін жетілдіру мәселесін зерттеу;

– ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына ауыстыру мәселесін қарастыру жұмыстарын жүргізу;

– кәсіптік қатерлер мен еңбекті қорғауды басқарудың кешенді әдістерін басқару жүйесін енгізуді қамтамасыз ететін заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

– «Кәсіптік одақтар туралы» ҚР Заңын жетілдіру ұсыныстарын енгізу;

– ұжымдық шарттар жасасу бойынша іс-шаралар кешенін өткізуді қамтамасыз ету;

– келіссөздер жүргізу және ортақ келісімге қол жеткізу дағдыларын дамыту жөнінде әлеуметтік әріптестермен бірлескен оқыту тренингтерін өткізу.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз дамуының 20 жылы ішінде мемлекет пен бизнес арасында мықты әріптестік байланыс қалыптасты. Осындай көп қырлы өзара іс-қимылдың көрсеткіші ретінде Мемлекет басшысы құрған бизнес әлеуметтік жауапкершілігі «Парыз» конкурсын өткізу болып табылады (2008 ж. 24 қаңтардан бастап). Конкурсты «Атамекен» одағы» ұлттық экономикалық палатасы, Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы мен Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бірлесіп ұйымдастырады [2].

2011 ж. бері «Үздік ұжымдық шарт», «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» және «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинацияларына қосымша «Экологияға қосқан үлесі үшін» деген номинация қосылды. Аталған номинацияда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асырумен ерекшеленген үміткерлердің қызметі қаралады.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің алға жылжып келе жатқан қимылымыздың басты талабы – біздің қоғамымыздың қойған мақсатқа жетудегі ымыралылығы, стратегия жанында барлық тұрғындық топтың консолидациясы, барлығы да жалпы міндеттің шешіміне бағытталған.

Біз бұл бағытқа жетеміз де. Қоғамның және барлық тұрғындардың қажеттілігін есепке ала отырып, мұны мемлекеттік серіктестікпен жеке тұрғындар тобы және жеке сектормен жүзеге асыру керек» деп айтылған [3].

Мақсатқа жетудің басты механизмі «Қазақстан – 2030» бағдарламасына салынған институт «әлеуметтік серіктестік болып табылады. Серіктестіктің спецификалық формасы экономиканы орталықтандырылған басқармамен жасау жағдайына пайдаланылған. Олардың мәні өндірісті басқару мәселелерін шешу барысында кәсіподақ пен әкімшілік өзара әрекеттесуінде болған. Бірақ 90% шешімдер, еңбек пен әлеуметтік қатынасты өндірісте реттеумен байланысты кезде орталықтандырылған тәртіп қолданылған [4].

Жалдамалы жұмысшылар өз кезегінде өз жұмыс орындарының сақталуына, еңбек-ақының өсуіне, қосымша материалдық жағдайдың жасалуына қызығушылық танытуда. Егер де қарсы келетін мінез болса, онда бұл жерде келенсіздік, түсініспеушілік, қарсы келу орын алмақ. Бұндай жағдайда тұрақтылықты, қатысушылар арасында өзара келісімді сақтау қажет, мемлекеттің маңызды шарасы оны заңнамалық реттеу мен әлеуметтік серіктестік принципімен жүзеге асырылады. Бұл серіктестік сонымен бірге нормативтік маңызды рольді атқарады, нарықтық экономикада құқықтық нормалар керек. Олар салалар мен кәсіпорындарға ыңғайланған болуы керек.

Қазақстан Республикасында ТМД басқа елдеріне сияқты әлеуметтік серіктестіктің алғашқы қадамы ғана жасалуда. Осыған орай, оның мәні, мағынасы және спецификалық есебін санаға кіргізу туындайды.

«Әлеуметтік серіктестік» терминін кең және қысқаша түсінікпен қарастыру қажет. Кең ауқымда қоғамда қалыптасқан барлық әлеуметтік мәселені реттеу туралы түсінік туындайды. Бұл жерде еңбек саласына қатыспайтын қоғамдық қатынастар саласындағы серіктестік туралы сөз қозғалуда. Мысалы, кейінгі уақытта республикамызда үкі-

меттік емес талай ұйымдар тіркелді, олар жекелеген мемлекеттік құрылымдармен сәйкес әлеуметтік мәселелерді шешуге ұмтылуда. Осындай үкіметтік емес ұйымдарға әр түрлі қоғамдар мен ассоциациялар жатады. Мысалы, бала кезден мүгедектер, ауған соғысының ардагерлері, іскер әйелдер, жалғызбасты аналар және тағы басқалар жатуы мүмкін. Олардың қызметтерінің негізі әр түрлі деңгейдегі атқарушы органдармен әрекеттесе отырып, жекелеген топтар мен халықтың осал топтарын әлеуметтік қорғау болып табылады. Осы контексте қазақстандық экономикалық әдебиеттерде зерттелген ұғымдарға түсініктемелер берудің алғашқы амалдары қабылданған.

А.Е. Думбаеваның ойынша «Әлеуметтік серіктестік – әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатындағы тең серіктестіктің негізіндегі өзара қатынасу формасы» [5].

Л.С. Тимошенко әлеуметтік серіктестік әлеуметтік топтар, ұлттар арасындағы, олардың ішінде экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени және қызмет үрдістеріндегі байланысты сипаттайтын қоғамдық қатынастарды ұйымдастырудың тәсілі деп қарастырады [6].

М.А. Буданованың ойынша, әлеуметтік серіктестік мүгедектердің әр түрлі статуска ие болған индивидтердің қызығушылықтар мен тұтынушылықтың өзара есебі негізінде өз әрекеттерін келістіретін өзіндік субъектілер ретінде жан-жақты құқықта әрекет етуші, алайда соған қарамастан тең құқықта, өзіндік субъекті болып табылады, қажеттілік пен қызығушылық есебімен әлеуметтік өзара қарым-қатынаста әрекет жасаушы әлеуметтік әрекеттесу түрі [7].

